

Мақтаарал ауданы білім болімінің «Демеу» бобекжай балабакшасы ЖШС

Ондірістік кеңестің

№1 Хаттгамасы

28.08.2023ж

Катысқандар: -15

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің қаулыларының орындалуы.
2. Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау жұмысын жалғастыру.
3. Балалар өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқау жүргізу.
4. Ішкі еңбек тәртібі туралы.

1. ТЫНДАЛДЫ: Балабакша менгерушісі Ш.Касымова бірінші мәселе бойынша сөз алды. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Жазғы сауықтыру кезінде балалар денсаулығын нығайту үшін түрлі іс-шаралар жасалып, спорттық сайыстар, ауа күн, сумен жасалатын жаттыгуларды мейірбикемен бірлесіп өткізілді.

2. ТЫНДАЛДЫ: екінші мәселе бойынша балабакша менгерушісі Ш.Касымова сөз алды. Жаңа оку жылына топтарды стандарт талаптарына сай етіп жабдықтау керек екені жөнінде айтып өтті. Балабақшамызда жұмыс жасап отырған 3 топты талапқа сай етіп толықтырудамыз.

3. Тәртінші мәселе бойынша балабакша мейірбикесі Ш.Уланова сөз алды. Бала өмірі мен денсаулығын қорғау үшін біз өзіміз қауіпсіздік ережелерін сақтап, баланың көніл-күйіне, денсаулығына назар аударып отыруымыз керек. Таңертең қабылданап алғанда баланың тазалығы мен температурасын өлшеп, денінің саулығына көніл бөлу керек деді.

Балабакша әдіскері Б.Маликова сөз алып, балаларға арналған қауіпсіздік ережелерімен таныстыруды. Серуенде жүргенде, балабақшаның баспалдақтарынан түсіп, мінгенде, бөлмедегі электр құралдарына мұжият қарап, балаларды жалғыз тастамау, бала өмірі мен денсаулығына жауапты екенімізді, баланы таңертең қабылданап алғанда ата-анамен үнемі сұқбаттасып отыру жайлы айтып өтті.

4. Бесінші мәселе бойынша балабакша менгерушісі Ш.Касымова қызметкерлерді ішкі еңбек тәртібімен таныстырып өтті. Әрбір қызметкер өзінің міндетін біліп, жұмыс уақытын үнемді пайдаланып, өз ісіне жауапкершілікпен қарауга шақырды.

Шешімі:

1. Балабакша топтары стандарт талаптарына сай жабдықталсын.
2. Балалар өмірі мен денсаулығын қоргауга арналған қауіпсіздік ережелері сакталсын.
3. Ішкі еңбек тәртібі мен лауазымдық міндеттері бекітілсін.

Төрайымы: *Н.Ш.Касымова*

хатшы: *Ж.Жолшиева*

«Демеу» бөбекжай балабақшасы
сараптау комиссиясы жиналышының
№ 2 ХАТТАМАСЫ

Атакент кенті

«12 » 12.2023 жыл

Қатысқандар:
Ш.Касымова, Б.Маликова,
К.Жолшиева, К.Усенова,
Б.Асылбекова, Г.Шекербек,
Г. Алипбекова, А.Смадиярова,
А. Ұзақбай

Жиналыш төрағасы: Ш.Касымова
Жиналыш хатшысы: Г. Шекербек

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. «Демеу» бөбекжай балабақшасы 2023 жылға арналған істер номенклатурасын келісу туралы.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша, істер номенклатурасын тузу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 25.08.2023 жылғы №236 қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдарда құжаттама жасаудың және құжаттаманы басқару және электронды құжат айналымы жүйелерін пайдалану қағидалары», Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің м.а 29.09.2017 жылғы № 263 бұйрығымен бекітіліп, 26.06.2023 жылғы №157 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесі» және КР Денсаулық сақтау министрінің 30.10.2020 жылғы КР ДСМ-175/2020 (23.11.2022жылы №136 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) «Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы (есепке алу) медициналық құжаттамаларының нысандарының тізбесі және оларды мерзімдері туралы» бұйрығы басшылыққа алынды. Құжаттар дұрыс жүйеленіп, олардың сақтау мерзімдері тізбеге сәйкес белгіленді. «Демеу» бөбекжай балабақшасы 2023 жылға арналған істер номенклатурасын мақұлдан, Мақтаарап ауданыдық мемлекеттік архиві Мырзакент бөлімінің архивисі СК-на келісуге ұсынамын, құжаттың материалдық құндылығын сараптау жұмысын ұйымдастыру және жүргізу үшін тұракты сараптау комиссиясын (СК) төмендегі құрамда құру туралы ұсынды.

1. Ш. Касымова – бөлім менгерушісі, комиссия төрағасы;
2. Б. Маликова – әдіскер, комиссия мүшесі;
3. К.Жолшиева – тәрбиелеуші, комиссия мүшесі;
4. А.Куттибаев – Мақтаарап ауданыдық мемлекеттік архиві Мырзакент бөлімінің архивисі – комиссия мүшесі.

Жиналыштың шешімі:

«Демеу» бөбекжай балабақшасы 2023 жылға арналған істер номенклатурасы бір ауыздан келісіліп, Мақтаарап ауданыдық мемлекеттік архиві сараптау комиссиясына келісуге ұсынылды.

Жиналыш төрағасы

 Ш. Касымова

Жиналыш хатшысы

 Г. Шекербек

Мактаарал ауданының білім болімінің «Демеу» бебекшай балабақшасының ЖШС

Ондірістік кеңестің

№2 Хаттгамасы

20.12.2023ж

Қатыскандар-19

Күн тәртібінде:

1. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Жылу мәселесі
3. «Жаңа жыл!» мерекесіне арналған ертеңгіліктердің өтілуі жайлы.

1. Тындалды: Балабақша менгерушісі Ш.Касымова бірінші мәселе бойынша сөз алды. Откен кеңестің шешімдерінің орындалуына тоқталып өтті. Балабақша топтары жабдықталуда. Ішкі еңбек тәртібі қолға алынуда. Балабақша қызметкерлері лауазымдық міндеттері бойынша жұмыс атқарып жатыр.

2. Екінші мәселе бойынша балабақша шаруа менгерушісі А.Ұзақбай сөз алды. Балабақшаның барлық топ бөлмелері жылы. Пеш жагушы күнделікті пештерді қадагалап отырады. Топтардың жылу мөлшері 22 с градустан аспауы керек,-деп сөзін аяқтады.

3. Үшінші мәселе бойынша б/б менгерушісі Ш.Касымова сөз алды. Аудандық білім бөлімінен келген хатпен таныстыра отырып, биылғы жылы балаларға «Жаңа жыл!» мерекесін тойлауга рұхсат және де мерекені ерекше етіп, театрландырылған қойылымдармен, ойын-сауықтармен қызықты етіп өткізу керек екенін түсіндіріп өтті. Ертеңгілікте өрт қауіпсіздігін сақтау бойынша, балабақшадан тыс уақыттада балалардың қауіпсіздігінің сақталуы бойынша, түрлі от шашулардан сақтануы бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

Шешімі:

1. Откен кеңестің шешімдері орындалсын.
2. Балабақшадағы жылу мәселесі қолға алынып, температура 21-22 градустан төмен болмасын.
3. Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгіліктерде өрт қауіпсіздігі сақталсын.

Төрайымы:

Хатшы:

К.Жолшиева

Ш.Касымова

К.Жолшиева